

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Тіркеу қызметі комитеті
төрағасының 1999 жылғы 23 сәуірдегі N 66 бұйрығына толықтырулар енгізу
туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Тіркеу қызметі комитеті
төрағасының 2000 жылғы 25 мамырдағы N 109 бұйрығы. Қазақстан
Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 8 маусымда тіркелді. Тіркеу N
1147. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі
комитетінің 2007 жылғы 25 шілдедегі N 84 бұйрығымен.

*Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Әділет министрлігінің Тіркеу
қызметі комитетінің 2007 жылғы 25 шілдедегі N 84 бұйрығымен.*

-----Бұйрықтан үзінді-----

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес келтіру мақсатында, БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналардың күші жойылды деп танылсын.

*4) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Тіркеу қызметі комитеті
төрағасының 2000 жылғы 25 мамырдағы N 109 "Қазақстан Республикасы Әділет
министрлігінің Тіркеу қызметі комитеті төрағасының 1999 жылғы 23 сәуірдегі N
66 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" (Нормативтік
құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1147 нөмірімен тіркелген)
б ұ й р ы ғ ы*

2. Осы бұйрық қол қойған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Т і р к е у қ ы з м е т і к о м и т е т і
Т ө р а ғ а с ы н ы ң м . а .*

"Занды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы" Z952198_ Қазақстан
Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі заң күші бар Жарлығына
сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Тіркеу қызметі комитеті
төрағасының 1999 жылғы 23 сәуірдегі N 66 V990768_ бұйрығына мынадай
толықтырулар енгізілсін:

аталған бұйрықпен бекітілген заңды тұлғалардың мемлекеттік тіркеу
Қ а ғ и д а л а р ы н д а :

17-тармақтың жетінші абзацында:

үшінші сөйлемде "тіркеуші орган" деген сөздердің алдына "қосылатын заңды

тұлғаның тіркелуін (қайта тіркелуін) тіркеуді жүзеге асырған" деген сөздермен
т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы төртінші, бесінші, алтыншы сөйлемдермен
т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"Тіркеуші органға кредиторларды хабардар ету тәсілі, сондай-ақ заңды тұлғаның қайта құрылуы туралы хабарлама жарияланған бұқаралық ақпарат құралдарының шығарылған күні мен нөмірі көрсетілген еркін түрдегі жазбаша өтініш беріледі. Егер қайта құру нәтижесінде қосып алушы заңды тұлға қайта тіркеуге жатса, онда қосылатын заңды тұлғаны Регистрден шығаруды қайта тіркеуге құжаттар пакеті тапсырылған тіркеуші орган жүзеге асыра алады. Осы жағдайда заңды тұлғаны қайта тіркеу және қосылған заңды тұлғаны Регистрден шығару туралы бұйрықтың көшірмесі бұрынғы тіркеуші органға жіберілуі тиіс.";

тіркеуге тапсырылатын барлық құжаттардың тізіміне Ескертулердің 5-тармағы мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын:

"Заңды тұлғаның тұрған жерін растайтын құжат ретінде құқықтық кадастрдің тіркеу парағының көшірімі тапсырыла алады".

2. Осы бұйрық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Төраға